



"БЕКІТЕМІН"

Мектеп директоры

Базырова Н.Е.

2023ж

Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық ЕСЕБІ.

педагог-психолог:

Жунисова Ф.Ш

**2023-2024 оқу жылында психология саласы бойынша атқарылған
жұмыстың жарты жылдық есебі**

Қыркүйек айының алғашқы онкүндігінде жаңадан келген 7 а.б. сынып оқушыларымен диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Мектеп-интернаттағы оқушының бейімделу процесі кезінде сырттай бақылау жүргізілді. Ортаңғы буын сынып оқушыларының мінез-құлқын анықтауда Г.Айзенк тесті алынып, нәтижесімен сынып тәрбиешілеріне таныстырылды.

интернаттағы оқушының бейімделу процесі кезінде сырттай бақылау жүргізілді Ортаңғы буын сынып оқушыларының мінез-құлқын анықтауда Г.Айзенк тесті алынып, нәтижесімен сынып тәрбиешілеріне таныстырылды.

7а сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	сангвиник	холерик	флегматик	Меланхолик
1	Абдихан Ердәулет Сержанұлы		+	+	
2	Абуталипов Акбарали Райимкулович	+			
3	Ахмедов Мадияр Мақсатұлы	+			
4	Амантай Аружан Алматықызы			+	
5	Базарбек Бекет Сұлтанұлы				+
6	Бегалы Инжу Ғалымқызы		+		
7	Ділдібек Ерасыл Бауыржанұлы	+	+		
8	Еркебұланұлы Әбілмансур Еркебұлан	+			
9	Әбішев Нұрсұлтан Әсілбекұлы	+			
10	Жүсіпхан Нұрасыл Абдуллаұлы	+			
11	Жеткербай Каусар Ерболқызы	+			
12	Заирбек Ельдар Муратұлы				+
13	Қахар Сардар Абдумуталибұлы				+
14	Қаххар Хуршид Мухомдинұлы			+	
15	Мажит Қазына Ержанқызы	+			
16	Қудайберген Инжу	+			
17	Мырзабек Саялы Нүржігітқызы	+		+	+
18	Пернебай Инжу Бағдатқызы		+		
19	Сайпиханова Чарос Фарходқызы	+			
20	Саттарханов Ислам Рустамұлы	+			
21	Төлепберген Айару Жанғалиқызы				+
22	Асылхан Нұршуақ Қасымханқызы	+			

23	Ырысбай Маржан Саматқызы				
24	Торбек Аяулым Нұрлыбекқызы	.			-
Жалпы саны		Сангвиник – 47,8% Холерик – 13,04% Флегматик – 8,7% Меланхолик – 17,4% [^] Сангво-холерик – 4,3% [^]			
		Сангво-флегматик – 13,04% Холеро-флегматик – 4,3%			





Диаграмма:

Қорытынды: тест нәтижесі өңделіп, сынып ұжымымен дамыту сабағы ұйымдастырылды.

76 сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	сангвиник	холерик	флегматик	Меланхолик
1	Абдуллат Дурдана Сейтмуратовна	+		+	
2	Абдукалымов Руслан Дмитриевич			+	
3	Абдукаримов Дария Муратовна		+		
4	Абдумуталипова Муниса Азиев娜			+	
5	Адырпақызы Інсір			+	+
6	Алпысбай Азизжан Даниярұлы	+			
7	Ахметова Жанель Бахытовна	+		+	
8	Ашир Агуа Қашықты			+	
9	Дәулет Диар Дәуренұлы	+			
10	Әлімжан Иманғали Бауыржанұлы			+	
11	Жаңтаспа Алия Ерланқызы	+			
12	Зайниязинова Жасмин Урунбасарқызы			+	
13	Қалдыбай Айсана Бекжановна			+	
14	Махамбетов Тогжан Маратқызы	+		+	
15	Мухамедьяров Рамзан Салаватович			+	
16	Нұрхан Мадина Дарханқызы				+
17	Рахимжанов Әнуар Акрамжанұлы				+
18	Сафиев Жанлос Нұрланұлы	+		+	
19	Сабинов Сардарбек Райымжанұлы	+			
20	Салдырханова Мадина Мәсүдовна	+		+	
21	Серік Ерсултан Болатұлы	+	+		
22	Темірхан Айша Берікқызы	+			
23	Умарова Латифа Сухрабқызы	+			
24	Чужков Богдан Владимирович	-	-		-
25	Фатулова Амира Атабековна	+			+
Жалпы саны		Сангвиник – 19,04%; Холерик – 9,5%; Флегматик – 33,3% Меланхолик – 9,5%; Сангво-флегматик – 23,8% -холерик – 4,8%; Флегма-меланхолик – 4,8%			

Диаграмма:




Қорытынды: тест нәтижесі өңделіп, оқушылар мен тәрбиешілеріне түсінік берілді. Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын нығайту мақсатында «Мен ерекшемін» атты дамыту сабағы ұйымдастырылды

9-сынып оқушыларының өзара қарым-қатынас деңгейлерін анықтау мақсатында «Қарым-қатынасқа жылдам түсесіз бе?» атты тақырыпта жылдам тесті алынды. Мұнда оқушылар көрсетілген бейнеден не көргенін айта отырып, қарым-қатынас деңгейлерін анықтады. Қызықты тестке 61 оқушы қатысты.

Кесте:

№	Сынып		Ер адам аяқтары суреті	Әйел адам аяқтары суреті
1	9а	21	12/57,1%	9/42,9%
2	9б	20	11/55%	9/45%
3	9в	22	10/45,4%	12/54,6%

Диаграмма:



Психология саласының алдын-алу бағытында диагностикалық жұмыс жүргізілді. Ортаңғы және жоғарғы сынып оқушыларына арналған арнайы әдістеме мен сауалнамалар берілді.


Тест тақырыбы: Г.Айзенктің “Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау” сұрақнамасы. Қатысушылар: 9-11 сынып оқушылары. Қатысқаны: 266 оқушы. Тесттің мақсаты: оқушылар арасында, мектепте, қоғамдық орындағы жағдайын анықтау.

Күтілетін нәтиже: оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, бағыт-бағдар беру.

Кесте:

Деңгей/ шкала	Үрейшілік	Фрустрация	Агрессия	Икемсіздік
Қалыпты 0 - 10	78,2%	64,9%	72,04%	57,3%
Орта 11 -15	20,4%	32,2%	26,9%	36,6%
Жоғары 15 -20	1,4%	2,9%	1,1%	6,1%

Диаграмма:



Қорытынды: Қажетіне қарай жеке оқушымен жұмыс жасалды. Сынып жетекшілерінің сұраныстары бойынша біргелікте сұрақ-жауап жүргізіліп, оқушының ерік-жігерін арттыратын аудио, видеолар көрсетілді.

11-сынып оқушыларынан құрастырылған топтарымен психологиялық жұмыс жүргізу мақсатында жеке және топтық түзету-дамыту жұмысы жүргізілді. Мұнда оқушыларға мотивациялық әрекетін арттыратын шағын видеолар көрсетілді. Фильм соңында бір-бірімен сұрақ-жауап алмасты.

Қараша айында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында сынып тәрбиешілерімен дөнгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын-алу.

Жасөспірімдер арасында

аутодеструктивті мінез-құлықтың пайда болу себептеріне жекелей тоқталып өтіп, түрлі ақпараттар слайд арқылы көрсетілді. Алдын-алу бағыты бойынша тәрбиешілермен біргелікте барлық сыныптың ата-аналар чатында түсінік жұмысы жүргізілді. Мұнда аутодеструктивті мінез-құлықтың белгілері және оның алдын алуда ата-ана тарапынан көрсетілетін қолдаулар туралы ақпараттар берілді.

«Педагогикалық әдеп» мектеп ұстаздарымен коучинг өткізілді. Мақсаты – ұжым ортасындағы ынтымақтастықты нығайту, педагогикалық әдепті сақтау болып табылады. Коучинг барысында ұстаздар сергіту сәттерін орындап, жағдаяттық талдау жүргізді. Психологиялық жаттығулар орындап өтті.

«Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» 7-1 сынып оқушыларынан зорлық-зомбылықтың алдын-алу сауалнамасы алынып, нәтижесі өңделді

11 а.б.в оқушыларынан кәсіби бағдар бойынша «Мамандық өмір тандауы» тақырыбында тренинг сабақтары өткізілді. Мақсаты – сынама тест барысындағы психологиялық ахуалды қалыптастыру, өзіне деген сенімділігін арттыру болып табылады.

Мектеп оқушыларының сабақ барысындағы психологиялық ахуалын, сынып атмосферасын, ұстаз тактын бақылау мақсатында сабақтарға еніп, қорытынды жасалынды

Кім бұл?;

- Досыңды мінезінен таны;
- Сальки-обнимашки;
- Қол ұшын беру;
- Рефлексия т.б.

Дамыту сабақтарынан фотоэтикеттер:

7-сынып оқушыларымен ауызбірлігін арттыру мақсатында дамыту сабағы өткізілді. Сынып ұжымымен ең алдымен мамандыққа икемділіктерін зерттеп, түсінік жұмысы жүргізілді.

«Өміріңді, өзіңді бағала!» тақырыбында 8-сынып оқушыларымен дөңгелек үстелі өткізілді. Мұндағы басты мақсат – аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын- алу болып табылады. Дөңгелек үстелде сұрақ-жауап әдісі іске асты. Талқыланған сұрақтар:

- Өмірді бағалау деген не?
- Өмірді өз қалауынша сүру мүмкін бе?
- Ортаның іс-әрекеті, сөзі адам өміріне әсері бар ма?
- Қандай тұлғаның өміріне мысал келтіре аласың?
- Неліктен адам өз өмірін қысқартады?
- Адам өмірін қысқартатын заттар, әрекеттер?

8-сынып оқушыларының есте сақтау қабілеттерін анықтау мақсатында

«Суретті есте сақта» атты әдісі жүргізілді. Әдіске 58 оқушы қатысты. Мұнда оқушылар ретпен 10, 20 суреттен көрсетіліп, есінде қалғанын қағаз бетіне түсірді. Жаса ған жұмыстар өңделіп, диаграммасы түзілді.

Кесте:

2	86 /20 оқушы/	9 оқушы - 45%	10 оқушы - 50%	1 оқушы - 5%
3	8в /18 оқушы/	6 оқушы – 33,3%	11 оқушы – 61,1%	1 оқушы – 5,6%

Диаграмма:



Сынып оқушыларымен жүргізілген әдісті қорытындылап, әр сыныптар бойынша **«Өзінді таны»** атты тақырыпта дөңгелек үстелі өткізілді. Басты мақсат – сынып ортасында өзін ұстауы, бойындағы жауапкершілік пен сенімділікті нығайту болып табылады. Әр оқушы ұжымда дұрыс әрекет таныту үшін жекеленген тапсырмалар орындалды. Тақырып аясында оқушылар постер, класстерлер қорғады.

7а,б сынып оқушыларымен де **«Өзінді таны»** тақырыбында дөңгелек үстелі ұйымдастырылды. Сабақта тренингтің элементтері орындалды. Мұнда сынып ортасындағы бірлік нығайтуға арналған жаттығулар жасалды. Сабақ соңында оқушылар бір-біріне тілектер жазып, **«Құпия дос»** ойыны жүргізілді.

11-сынып оқушыларының I және II топтарымен **«Күйзеліс және оны алдын-алу жолдары»** тақырыбында сұхбаттасу өткізіліп, **«Емтихан кезінде стресстен**

қалай арыламыз?» . Сынама тест қарсаңында оқушының бойындағы қобалжу, қорқыныш сезімдерін қалыпқа түсіру және өзіне деген сенімділігін арттыратын ойын, жаттығулар өткізілді.

9-10 сынып оқушылар арасындағы құқықбұзушылық, зорлық-зомбылық, бопсалау, әлімжеттік тақырыптарында мектеп мәжіліс залында шағын видеолар көрсетіліп, түсінік жұмысы жүргізілді. Көрсетілген шағын видеодан ой түю үшін өзара сыныптар арасында пікір алмасу өткізілді.

10абв сынып оқушыларының қатысуымен сыныптағы психологиялық ахуалды реттеу мақсатында «**Менің сыныбым**» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Орындалған жаттығулар:

- Топтық сәлемдесу;
- Сіріңке жаттығуы;
- Вороны, воробы ойыны;
- Дракон, принц, принцесса ойыны;
- Бұл кім? Жаттығуы;
- Дауыстан таны жаттығуы;
- Үлкен арық жаттығуы;
- Рефлексия.

9-сынып оқушыларының арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында достық тренингі ұйымдастырылды. Тренинг әр сынып литерасымен бөлек өткізілді. Оқушылар сабаққа белсене қатысып, бойдағы эмоцияларын ашық көрсете білді. Әрбір жасалған техникадан соң, оқушылар ойларымен бөлісіп отырды.

11-сынып оқушыларына екінші реттік сынама тесті қарсаңында психологиялық қолдау көрсету мақсатында топқа бөлінген оқушылармен дамыту, кеңес беру бағыты бойынша жұмыс жүргізілді. Қажетіне қарай жеке оқушылармен арттерапия әдісі бойынша жұмыс жасалды. Өтілген жаттығулар:

- Топпен сәлемдесу;
- Сұрағыма жауап бер!;
- Тасбақа жүгірісі;
- Бойдағы қорқынышты жеңу ойыны;
- Болады, болмайды;
- Сөзден сөзді ізде;
- Рефлексия т.б.

8абв сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері мен ұсақ моторикаларын дамыту мақсатында түрлі журнал қиындылары, түрлі-түсті қағаздармен клоун коллаждары жасалды. Мұнда оқушылар топ бойынша жұмыс жасай отырып, бір-бірінің ойын дамыта түсті. Басты мақсат оқушының топпен жұмыс жасай алу дағдысын қалыптастыру болып табылады.

7аб сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін анықтау үшін қызықты лабильді тесті алынып, нәтижесі өңделді. Тестке 64 оқушы қатысты. Оқушыларға 40 ұяшықта орналасқан тапсырмалар берілді. Әр тапсырманы 3 не 5 секундта орындайды.

Кесте:

№	Сынып литерасы	Жоғары /30-40 тапсырма/	Орта /20-29 тапсырма/	Ортадан төмен /10-19 тапсырма/
1	7а /21 оқушы/	16 оқушы – 76,2%	5 оқушы – 23,8%	-
2	7б /21 оқушы/	18 оқушы – 85,7%	3 оқушы – 14,3%	-

Диаграмма:



Тест нәтижесіне сай 7-сынып оқушыларымен дамыту сабағы өткізіліп, өздері жасаған адам туралы мәліметті алынды. Яғни, оқушылар қолындағы адамды сөйлету арқылы, диагностика жасалды. Сынып тәрбиешілерімен бірлесе түсінік жұмысы жүргізілді.



10-сынып оқушыларының сынып ортасындағы жағымды ахуалды нығайту мақсатында «**Өз ортаммен мақтанамын**» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар бір-бірінің бойында жасырылған қасиеттері мен қабілеттерін ортаға салып, еркін ой бөлісті.

8-сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін тест арқылы анықтағаннан соң, сынып ұжымымен «**Мен және менің ортам**» тақырыбында тренинг өткізілді. Оқушылардың сабақ барысында бірін-бірі тыңдауы, ойларын ұштастыруға арналған жаттығулар орындалды.

9-сынып оқушыларының өзіне деген сенімділігі мен ортадағы орнын анықтау мақсатында «Адам бейнесі» әдісі жүргізілді. Мұнда оқушылар ешбір құралдың көмегіне, тек қолмен ғана адам жасап шығады және сол адамды сөйлету тапсырылды. Оқушылардың сөйлеу кезінде сырттай диагностика жасалды. Әр оқушы ойын еркін жеткізді.



Наурыз айында әр буынның шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында арттерапиялық әдіс бойынша жұмыс жасалды. 7-сынып оқушыларымен «**Мектеп менің сүйікті оқу орным**» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Ондағы мақсат мектеп, өзінің ортасы туралы бейнені топпен жасап шығып, өзара ой алмасу болып табылады. 4 топтан құралған оқушылар алдымен жоспарларын түзіп, жұмыстарын қорғады.



/7б сынып пластелинмен жұмыс/



/8а сынып пластелинмен жұмысы

11-сынып оқушыларының ҰБТ қарсаңындағы психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында ІІІ топпен «**Менің қолымнан бәрі келеді!**» атты тренингі өткізілді. Орындалған жаттығулар:

- Серпіліс;
- Ғылыми жоба: «ҰБТ-тің маған әсері»;
- Сезімдерді ретке келтіруші жаттығулар;
- «Сыныптың қолтаңбасы» жаттығуы;
- «Гүл күлтешесі» армандар жазу;
- Рефлексия

11-сыныптың ҰБТ қарсаңында психологиялық, моральды қолдауды ата-аналарынан күтеді. Ата-аналармен бірлескен жұмысты алып бару мақсатында ата-аналарға арналған жадынама таратылды /онлайн/.

Алдын-алу бағыты бойынша 11-сыныптың оқушыларымен «**ҰБТ-ке дайындық**» тақырыбында шағын сауалнама алынып, нәтижесі өңделді. Қорытындыны сынып жетекші, тәрбиешілермен бірлесіп талқылап, ата-аналарымен түсінік жұмыстары жүргізіліп, сауалнама алынды.

Орындаған педагог-психолог: Жунисова Ф.